

МІРЖАҚЫП СЕНІМ АРТҚАН СЕЙІЛ ЕДІ...

Міржақып Дулатұлының 1915 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «жиырма жылдық бір есеп» атты мақаласында өзі туып-өскен Сарықопа болысында тұңғыш орысша оқыған Сейіл Қабақұлы екендігін жазған.

Алаш ардақтысы елдің ортасына келіп, талқысына түсіп, бойын билей алмай кететін Сейілден үмітін үзбейтінін, «ештен кеш қайырлы», әлде болса жұртқа жол-жоба көрсетер, жаман әдеттерін тастатып, түзу жолға бастауға ыждаһат етер деп» әрі сенім артып, әрі өкпе-назын білдіріпті. Жақан сенім арта сөйлеген Сейіл Қабақұлы 1916 жылғы маусым жарлығымен ілесе келген алмағайып заманның аласа-

өзі оқып жүрген өнер-кәсіптік училищедегі алған білімімен қазақ арасынан көрген тері өңдеу әдістерін салыстырып жазған бірнеше мақаласы облыстық «Тургайские областные ведомости» газетінде жарық көрген. Сейілдің «Простейший способ выделки кожи» («Тургайские областные ведомости», №4, 23.01.1894) мақаласында қазақ ішіндегі былғары жасау жайлы айтылса, «Соковая подошва» («Тургайские областные ведомости», №10-12, 1894) мақаласында тері илеудің барлық сатылары талданып жазылған. Газеттің 51-ші санында «Красноуфимск» («Тургайские областные ведомости», 18.12.1894) мақаласында Сейіл уақыт өте келе қазақ сахарасында елеулі мәнге ие болуы мүмкін ауыл шаруашылығындағы былғары өндірісі, сабын жасау, сүт өндіру секілді шаруашылықтарды назардан тыс қалды-



үшін жер азайып, «қоян жылынан» кейін егіншілікпен айналысатындар молайғанын, Я.Ф.Барабаштың бастамасымен түрлі ауыл шаруашылығы құралдарының пайда бола бастағанын жеткізген хабарламасы жарияланған. Ақтөбеде жүргенде абырой, беделі ешкімнен кем болмаса да өз туған жерін сағынған азамат 1901 жылы Торғайға келіп, қайтадан қызметке бармай қояды. Сол 1901 жылы Торғай об-

патша үкіметіне жеткізу үшін Торғай уезінен Орынборға аттанған елшілердің қатарында болды. Бұл турасында «Қазақ» газетінің 1916 жылғы 203 санында «Торғай ақсақалдарына» атты мақала жарық көрген. Онда былай делінген: «25 июня жарлығы тақырыпты асса азаттық, қалса мәулет сұраймыз деп Торғай уезінен Петроградқа жеті ақсақал кеткендігі мағлұм. Бұл туралы біздің пікіріміз белгілі. 10 октябрьде Петроград барған ақсақалдардың екеуі Орынбор арқылы, үшеуі Қостанайлатып қайтқандығы, Смағұл мен Сейіл екеуі Петроградта қалғандығы білінді». Торғай уезінің қазақтарының талап-тілектерін патша үкіметіне жеткізбек болған осы жеті адамның қатарында Сейілден басқа Төкенің Смағұлы, Көтібардың Тоймағамбеті, Тоққожаның Бижаны, Тоқмұхамедтің Смайылы, Иманқұлдың Әбдірах-

арасынан өтіп бара жатқанда сондарына андушы түскенін көрген Сейіл шанаға жеккен көсем атты шешіп беріп, «бұлар енді мені өлтірмей тынбас, екеуіміз бірдей қаза болғанша, сен осы болған оқиғаны елге жеткіз» деп жиені Файзолланы ажал аузынан құтқарып жіберіп, өзі кейіндеп қала берген. Оқиғаның арты немен тынғаны белгілі. Файзолла ишан Сейілді өлтіргендердің кім екендігін айтқанымен, аласапыран заманда құн даулап, кек қуған ешкім болмады. Сейілдің қазасына кінәлілердің өзі де сол дүрбелең шақтарда ажал құшқан. Кейінгі ұрпақтарының бетіне шіркеу болмас үшін, қазір олардың есімін айтып та қажеті жоқ болар деп ойлаймыз...

Қабақтың Сейіліне өмірден өткен соң Қызбелдегі Құмшық атты қоныста сәулетті кесене тұрғызылған. Күйдірілген кірпіштен тұрғызылған кесе-

бидің інісі Шорманнан туған Мүсір де тұтқындалып, ұзақ жылдар Сібірде айдауда болды.

Қабақтың Құлахметі 1991 жылдың желтоқсанында ақталды.

Енді бір ауыз сөз Сейілдің ұлы Ыдырыс (Едрес) жайлы болмақ. Ыдырыс 1908 жылы дүниеге келген. Әкесі қаза тапқаннан кейін туыс-туғандары Мүсір, Құлахметтердің қамқорлығында болса керек. Кейін ел арасы тынышталған соң Міржақыптың қолдауымен оқуға түскен. Бұл турасында Гүлнар Міржақыпқызының «Шындық шырағы» кітабында былай деп жазылыпты: «1924 жылдың күзінде әкемнің ағасы Асқар інісінің арнайы шақыруымен балалары: Хайдар, Қайым, Қонысбайдың баласы Зұлқарнайды, Нұржанның баласы Боранбайды, туысымыздың баласы Мұқашты және жетім қалған Сейілдің Ыдырысын Орынборға оқуға әкелді. Келген

ран күндерінде қаза тауып, есімі көп уақыттар бойы айтылмай келген азаматтардың бірі еді. Біз өз қолымызда бар деректерді сараптап, Сейіл жайлы білетінімізді ел назарына ұсынбақпыз.

Қабақтың Сейілі 1869 жылы (құжат бойынша 1870) 15-ші сәуірде Торғай уезінің Сарықопа болысында дүниеге келген. Міржақыппен шыққан тегі бір, Мадиярдың Абыз атасынан тарайды. Атасы Жанкөт батыр болса, әкесі Қабақ би болған кісі. Торғай облысының 1898 жылға арналған естелік кітапшасында Қабақ Жанкөтовтің Сарықопа болысының №7-ші ауылында би болғандығы көрсетілген. Қабақтан Сейіл, Шора, Құлахмет атты үш ұл туады. Сейіл алғаш ауыл молдасынан сауат ашқаннан кейін, Торғайдағы Ы.Алтынсарин ашқан мектепте білім алған. Торғайдағы мектепті бітіргеннен кейін, Сейіл Красноуфимскідегі өнеркәсіптік училищеге оқуға түседі. Аталған оқу орыны 1875 жылы реалдық училище ретінде ашылып, 1889 жылы өнеркәсіптік училище ретінде қайта құрылған еді. Қазақ балалары мұнда 1886 жылдан бастап қабылданған. Училищеде сабын қайнату, тері өңдеу т.б. ауыл шаруашылығына қажетті мамандықтарды оқытты. Сейіл Красноуфимскіде тері өңдеу саласы бойынша 1891-1896 жылдары білім алған. Оның

рмауды атап көрсетіп, елге қажетті кеңес береді. Өнеркәсіптік училищеде Сейілмен бірге Әбенеєв, Дүйсекеев, Исакаев, Қазыкеев, Кенесарин атты қазақ балалары оқыған.

Сейіл оқу бітіргеннен кейін Торғай облысының, Ақтөбе уезінің әкімшілік басқармасына ауызекі аудармашы болып қызметке тұрады. Бұл қызметке облыстық басқарма Сейіл Қабақов пен Ишанғали Меңдіхановты, уезд басшылығы Арынғазы Қасымовты ұсынған. Ақыры Торғай облысының әскери губернаторының 1896 жылғы №61 бұйрығымен Сейіл Қабақов бекітіліп, 1901 жылға дейін Ақтөбе уезінде қызметте болады. 1897 жылы өткен алғашқы бүкіл Ресейлік жалпы халық санағы кезінде Ақтөбе уезіндегі санақ комиссиясының іс-жүргізушісі болып бекітілген Сейіл санақ кезінде жасаған жұмысы үшін қола медальмен марапатталған. Алғырлығымен, адалдығымен көзге түскен Қабақов 1898 жылы подполковник Сухиннің өтініші бойынша уездік басқарманың кеңсесіне III разрядты кеңсе қызметкері болып қабылданады. Кеңсе қызметкері бола жүріп қаламын қолынан тастамаған Сейіл газет беттеріне түрлі хабарламалар жазып тұрған. Мысалы, «Турғайская газета»-ның 1897 жылғы 24-ші номерінде Ақтөбе төңірегінде мал шаруашылығы

лысының әскери губернаторының №58 бұйрығымен Қостанай уездік басқармасына қайтадан ауызекі аудармашы қылып тағайындағанмен, Сейіл онда да көп болмай, 1903 жылы Торғайға қайта келеді.

Сейіл туған жеріне келген соң ресми түрде билікке араласпаған. Бірақ оның орысша сауаттылығы мен қазақтың ескі жол-жобасын, жөн-жорасын жетік меңгергенін білетін ел адамдары ақыл сұрап, әрі өзара дауларына тыным іздеп алдына босатпайды. Сейіл бұл істерде көбіне Салқынбайдың Біржаны, Дулаттың Асқары, Толтанның Ағытайы, Қаржаудың Оспаны, Иманқұлдың Әбдірахманы секілді ел азаматтарымен бастас, істес болады. Би ретіндегі біліктілігі мен білімділігі Сейіл араласқан биліктің тез тынып, даугерлердің тыным табуына ұласып жатады. «Қазақ» газетінің 1914 жылы 52-ші санында шыққан «Билік» атты мақалада да Сейілді қазақтың ескі жарғы-заңдарын жақсы білетін кісілерінің қатарында атап, бұл заңдардың әлі де болса қажет екендігін айтып, жолдан шығып, жора бұзғандарға ескі билердің көзін көріп, сөзін естіген билікті кісілер бірлесіп жаңа ереже дайындау керектігін жеткізген.

Ел арасында зор беделге ие болған Сейіл 1916 жылы маусым жарлығына байланысты елдің талап - тілектерін

маны және Сүтемгеннің Жәкені болған. Аталған тұлғалардың ішінде Төкенің Смағұлы мен Қабақтың Сейілі Орынбор қаласының басшысы А.Н.Клентовпен бірге ілесіп, Петроград қаласына дейін барды. Бірақ өздері көздеп барған ішкі істер министрі мен соғыс министріне кезіге алмай, кейін қайтады. Сейіл мен Смағұл осы сапарда патша шенеуніктерінен көрген зәбірін «Қазақ» газетінің 204-ші санында «Басқармаға хат» атты мақала етіп жазған.

Сейіл осы 1916 жылғы дүрбелеңнің қарсаңында қаза тапқан. Кейбір зерттеулер мен естеліктерде Сейілді сарбаздар өлтірді деп атап көрсеткен. Шындығында оның өліміне көтерілісшілердің атын жамылған елдің басбұзар тентектері кінәлі еді. Оның себебі Сарықопа болысының өзге жерлерден мал ұрлап әкелген ұры-қарыларын, басқа елдің адамдары Сейілге әкеліп мойындатып, айып-анжысын алатын болған. Сейілдің алдында тырп ете алмай, сыртынан тіс қайрап жүрген бұлар 1916 жылғы көтерілісті сылтау етіп, оны өлтірген. Сейіл қаза боларда, оның қасында жиені Сатыбалдыұлы Файзолла ишан бірге болған (Файзолла Қабақтың Әйін деген қызынан туады).

С а р ы қ о п а д а н Торғайға бара жатқан жолда қалың қопаның

не ұзақ жылдар бойы сақталып келген. Тек қараусыз, қорғаусыз қалғандықтан бертіңгі уақытта қирап бітті. Көнекөз қариялар Сейілдің кесенесінің ішінде ертеректе ұзын сапты найза мен шоқпар тұратын деп еске алады. Оны кесенені зертейміз деп келген экспедиция мүшелері алып кетсе керек. Содан кейін хабар жоқ. Кесенедегі найза мен шоқпар Қабақтың әкесі Жанкөт батырдан қалған мұра болуы әбден мүмкін.

Сейілдің туған інісі Құлахмет те елге белгілі азаматтардың қатарында болды. Құлахмет 1894 жылы дүниеге келген. Әкесі мен ағасының тәрбиесін көріп өскен Құлахмет жасынан алғыр болып өседі. 1917 жылы Міржақып бастаған Алашорда өкілдері Қызбелге келіп тоқтағанда Құлахмет Ахметұлы Каби, Бірманұлы Әмір, Жүрсінұлы Бөлтірік, Тампайұлы Жарасбай т.б. бірге өз еркімен Алашорда әскерінің қатарына қосылған ел азаматтарының қатарында болған. 1919 жылы Қостанайдан келе жатқан Таранның әскерін қарусыздандыруға қатысқан. Оның есімі Л.Таранның өліміне қатысты тергеу құжаттарында да кездесіп жатады. Құлахмет 1929 жылы Кеңес үкіметінің озбыр саясатына қарсы ұйымдастырылған Батпаққара көтерілісіне де қатысып, сол үшін тұтқындалып, ату жазасына кесілген. Қабақ

төрт бала қазақ тоғыз жылдық опытно-показательная мектебіне түсірілді. Зұлқарнайды интернатқа орналастырды да, Қайым, Хайдар, Боранбай және олармен бірге Әзен екеуіміз қосылып, мектепке үйден барып-келіп оқитынбыз, бізді «приходящие» деп атайтын мектеп балалары. Ыдырыс ересек балаларға арналған школа подросковта оқыды, ал Мұқаш милиция мектебіне түсірілді...» [Дулатова, Г.М. «Шындық шырағы», 117 бетте].

Өкінішке қарай, Міржақып секілді алаш арыстарын қуғынға салған Кеңес үкіметі, олардың соңына ерген жас талаптардың да тауын қайтарып, тауқыметін көрсетті. Кеңестік үкіметтің солақай саясатын, ұстанған бағыт-бағдарын сезіп, оны әшке-релейтін осы жастар деп санап, оларды көктей солдырып, жастай отауға кіріскен билік 200-ден астам студентті оқудан шығарып жіберген. 1929 жылы Қазақстан Өлкелік партия комитеті қабылдаған «Кеңес мектептерін тегі жат адамдардан тазалау туралы» қаулы бойынша жұмыс істеген Саяси бас басқарманың Қазақстандағы өкілі оқу орындарын қоғамға жат адамдардан, бұрынғы би-болыстар мен байлардың, дін өкілдерінің, алаш ордашылардың туыстарының балаларын қуғынға салғанда

Ыдырыс та сол тізімге ілігіп кете барған. 1929 жылы 7-ші наурызда Саяси бас басқарманың Қазақстандағы өкілі Петровтың Қазақстан Халық ағарту комиссарының орынбасары Ф.Т.Оликовтың атына жолдаған «Жоғары оқу орындарын қоғамға жат пікірлерден тазалау мақсатында оқудан шығарылатын студенттердің тізімінде» Міржақып оқуға түсірген Қайым, Хайдар, Ыдырыс есімдері де кездеседі. «Өте құпия» деп берілген құжатта олар жайында мынадай қысқаша анықтамалар берілген:

«Асқаров Қайым және Сансызбаев Хайдар – бұл екеуі де Орынбор қаласындағы көрнекті-тәжірибе мектебінің оқушылары. Қостанай өңірі Наурызым ауданы №10 ауылдағы ірі бай Дулатов Асқардың балалары. Белгілі Алашордашыл, буржуазияшыл интеллигент Дулатов Міржақыптың туған інісі. Қайым мен Хайдардың әкесі Дулатов Асқарды Қылмыс заңының 58-7, 58-8, 58-10 баптары бойынша жауапқа тарту үшін таяуда Қостанай ОГПУ-ы Қостанай еңбекпен түзеу үйіне абақтыға жап-

Италия Муссолониді айыптады. Ал кейбір елдерде адамға қиянат жасағаны дәлелденсе олардың балаларына белгілі бір салада қызмет атқаруға тыйым салады. Бірақ, ешқандай қылмысы дәлелденбей, тек қана патша заманында уездік, болыстық деңгейде ғана қызмет атқарған тұлғалардың балаларын қуғынға салу қаншалықты дұрыс еді. Бұлар бұрынғы биліктің нақты өз өкілдері де емес, олардың балалары, туыстары ғана еді ғой. Сталиннің өзі «әкесі үшін баласы жауап бермейді» дегені қайда? Сұрақ көп. Жауап аз...

Қанша қуғынға түскенімен жасымаған Ыдырыс 1930-33 жылдары Алматы қаласындағы №23 мектепке мұғалім болып орналасып, ұстаздық қылады. Алматы облыстық сақтандыру кассасының төрағасының орынбасары, ҚазКСР үн тарту өнеркәсібі жұмысшылары одағының Орталық комитетінің жауапты нұсқаушысы т.б. қызметтер атқарды. Бірақ зар заманның запыраны, өкістік өмірдің өкініші Ыдырыстың ішінде жинала береді. Өзінің жазық-

жүрген қызметін тастап, қайтадан оқуға кіреді. 1936-38 жылдары ҚазПИ-де оқып білімін жетілдіреді. 1942-44 жылдары БКП(б) ОК жанындағы Жоғары партмектептің дипломатиялық бөлімшесінде оқиды. Осыдан бастап өрлей бастаған Ыдырыс Сейілұлы қатардағы ұстаздан министрлік лауазымға дейін көтерілді. Өкініштісі әкесінің би болғаны, ауқатты болғаны алдына шыға беріп, 1940-шы жылдардың аяғында қайтадан қуғынға түсті. Кейін ҚазМУ-де профессор болды. Ыдырыстың баласы Жәуке де Қазақ мемлекеттік циркінің басшысы секілді лауазымды қызметтерде болды. Өкінішке қарай, ертерек өмірден өтті. Жәуке құжат бойынша Сейілов болып жазылғанмен, шындығында Қошқарбек деген кісінің баласы. Ыдырыс Қошқарбектің апасы Кінәзға үйленген. Ыдырыс пен Кінәз Жәукені асырап алып, содан Сейілов болып жазылды. Кінәз С.Мұқановтың "Мөлдір махаббат" романының басты кейіпкері Сұлтанбек Әбеуұлының туған апасы. Жәукенің артында ұрпақтары бар.

ты.

Сейілов Ыдырыс – бұрынғы ірі бай, патша шенеунігі, ұзақ жылдар бойы патша жандармына қызмет еткен Сейіл Қабақовтың баласы. Оны 1916 жылы патша үкіметіне қарсы күрескен қазақтар өлтірген. Қостанай округі, Наурызым ауданынан »[ҚР ОМА, 81 қор, 4 тізімдеме, 14 іс, 147-150 б].

Бұлармен бірге оқудан шығарылғандардың қатарында Иманбаев Рахым, Иманбаева Айзада, Мұқашев Әбдікәрім, Тұрысбеков Нұрқожа, Ахметжанов Нияз, Зубаров Ахметжан, Көбенов Қажытай, Категонов Сәлім, Шонтықов Хайрулла, Фаризов Мұхамеджан, Майоров Мұхамеди, Орынқаев, Үнгебаев Жұмаахмет, Мансұров Полат, Іңірбаев Мұхамедияр, Насыров Рақым, Нұғманов Хакім, Дәрібаев Медет, Якупов Фазия бар. Небәрі 22 адам бір ғана құжатқа тізіліп, бір ғана қаулының күшімен еш жазықсыз, еш қылмыссыз болса да қуғынға түскен.

Әлемнің көптеген елдерінде люстрация теориясы бойынша бұрынғы билік өкілдерін қудалау, оларды жаңа үкіметтің уақығында қызметке жолатпау кездеседі. Адамға жасалған қиянат, қылмыс дәл сондай не басқа формада қайталанбас үшін оны мойындайды және айыптайды. Германия фашизмді,

сыз оқудан шығарылғаны, туған-туыстарының қуғынға түсуіне алыстағы Карелиядан Міржақыптың қазасы туралы қаралы хабар келіп қосылғанда қайда барарын, кімге мұң шағарын білмейді. Солай шер-кеуделі шемен жан болып жүргенде Алматыға Файзолла ишанның келгенін естиді. Бұл Файзолланың айдаудан жаңа ғана босап, бірақ қуғыннан қорқып елге бара алмай сыртта жүрген кезі. Ақындығы мен қарилығына қоса он саусағынан өнер тамған Файзолла Алматыдағы үйлерге ағаштан оюлы есік-терезелер жасап, күнелтеді. Осы күндердің бірінде Ыдырыс Файзолланы жасырын болса да іздеп келіп, Міржақыптың өмірден өткен хабарын естіртеді. Бітеу кеуде болып жүрген қос мұңлық жылап көрісіп, мұңын бөлісіп, қимай қоштасады. Файзолланың,

Міржақып өлді деген сөз

Ішімді өртеп кетті кез.

Дірілдеп жүрек демігіп,

Малынды жасқа екі көз, – деп басталатын атақты толғауы сол жолы шыққан. Мұны Торғай топырағындағы жыршы-термешілердің егілтіп айтып отырғанын талай өз көзімізбен көрдік...

Файзолламен кездесіп, кеңескен Ыдырыс сол тұста атқарып

Қанша жылдар бойы тарих қойнауында қозғалмай жатқан Сейіл мен оның әулетіне қатысты біздің білетін деректеріміз, міне осындай. Файзолланың Міржақыпты жоқтап, Ыдырысты жұбатып шығарған толғауындағы

Міржақып пен

Ахмет,

Нақақтан–

нақақ болды шет.

Бір уақыттар

болғанда,

Ақталар,

орнап әділет.

Қиянат кетпес –

тоқтаусыз,

Әділ сөз қалмас –

құптаусыз.

Күндердің күні

болғанда,

Міржақып кетпес

– жоқтаусыз! – деген сөздері бүгінгі күні айнымай жатқанын ел көріп, сезіп, біліп отыр. Сәуегейлікпен болжанып, кемеңгерлікпен айтылған әулие сөзі ақиқатқа айналды. Бұл сөз тек Ахмет пен Міржақыпқа ғана қатысты емес, елдің қамын жеген абзал азаматтардың барлығына ортақ. Аласапыран заманда алаштың қамын ойлап жүргенде ақтық демі үзілген Сейіл Қабақұлының да есімі ескерусіз, жоқтаусыз қалмақ емес.

Батырлан

САҒЫНТАЕВ,

Қазақстан

жазушылар

одағының мүшесі